Түркістан облысы

Келес ауданы

«Ұшқын » ауылы

№20 Т.Бердияров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

# «Қасым Аманжоловтың туылғанына 110 жыл».

( кітапхана сабағы)

Кітапханашылар: В.Кумекбаева

К.Рахманбердиева

2021-2022 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

12.10.21

***Сабақтың тақырыбы: «Қасым Аманжоловтың туылғанына 110 жыл »***

***Сабақтың мақсаты:***
***Білімділік***: *Қазақтың арқалы ақыны, қоғам қайраткері Қасым Аманжолов мұраларын талдап,ақын өмір сүрген дүние мен ақынның өмірлік ұстанымдарын айқындап, оның көзқарасын ұғыну*
***Дамытушылық***: *Өз ойларын қорытып тұжырым жасай білу дағдысына үйрету, түсініктерді дәйек сөздермен дәлелдеуге жаттықтыру.сөйлеу мәдениетін қалыптастыру*
***Тәрбиелік***: *Қасым поэзиясы арқылы отанды,туған жерді сүюге, қастерлеуге қайсарлыққа,табандылыққа. Қаһармандылыққа тәрбиелеу.*
*Көрнекілігі: Ақынның суреті,кітаптары,бүктеме*
*-Уа, тәкәпар Дүние!*
*Маған да бір қарашы,*
*Танисың ба сен мені?!*
*Мен қазақтың баласы!*
*- деп жырлаған Қасым Аманжолов биыл торқалы 110 жасқа толып отыр.Егемен елдің қатарына жетіп, ұжымды ұлт, іргелі мемлекет болған кезімізде, бүкіл ғалам да танитын дәрежеге жеттік. Қасымды –Қасымымызды танып алып қана мына тәкәппар дүниеге қазағымызды танытатын боламыз.*
*Қасым Аманжоловтың өмірінен үзінді оқу.*
*1-оқушы:*
*2-оқушы:*
*3-оқушы:*
*4-оқушы.*
***Топтастыру стратегиясы:***
*Оқушылар Қасым Аманжолов туралы топтастыру жасайды.*
***Қасым Аманжолов кім?***
***Кітапханшы сөзі:***
*Қандай адалдық, шыншылдық,қандай терең ой, отты сезім! Бар ғұмырын еліне, өлеңіне ғана арнаған, « барым да, бақытым да өлеңім» -деп білген ақынның одан өткен қуанышы мен уайымы жоқ. Барын да, бақытын да өлең деп білген Қасым бар өмірін әдебиетке арнады. Оның қиындығын да жасырмады. « Нар тәуекл» деп « қиынға құлаш ұрды»*
*Өмірді шексіз сүйген ақын ауру шағында да рухани күйзеліске берілмей:*
*Нұрлы дүние-думанды елім,*
*Жарқылдайсың жас айбынмен.*
*Бір сен үшін туған едім,*
*Бір сен үшін жасаймын мен.*
*-деп жырлап өткен ақын Қасым Аманжолов.*
*Осы сәтте оқушылар ақынның өлеңдерін оқиды.*
*1-оқушы.*
*2-оқушы.*
*3-оқушы.*
*4-оқушы*
*5-оқушы*
*6-оқушы.*
***Сөзжұмбық шешу.***
*Ақынның өмірі мен шығармалары туралы сөзжұмбақ шешіледі.*
***« Өзім туралы»*** *ақынның өлеңі орындалады.*
*Өзге емес,өзім айтам өз жайымды.*
*Жүрегім жалын атқан сөз дайында.*
*Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,*

Сканировано с CamScanner

Тербетіп,тулатып бір қозғайында.

Аманжол Рақымжанның Қасымымын
Мен қалған бір атаның ғасырымын
Біреуге жұртта қалған қалған жасығымын,
Біреуге аспандағы асылымын

***Ақындар ұқсастығы:*** *Оқушылар Қасым мен Абайдың ойындағы ұқсастық туралы пікір айту. «Қандай адам өлмейді? »*

*Екі топтан бір-бір оқушыдан шығып ақындардың ұқсастықтары туралы пікірлерін ортаға салып айтып,өлеңдері оқылады.*

***Кітапханашы сөзі:***

*1941-1943 жылдар аралығында болған соғыс кезінде сол қанды қырғынның ішінде болады. Намыскер ,өр,қайсар Қасым жауынгерлік міндетін атқары жүріп,ұшқыр қиялды ақын жанын қатты тебірентеді.Ақын сол кездің өзін де де қаламын қолынын тастаған емес.Сол жерде жүріп еліне деген сүйіспеншіліктен туған өлеңіне талдау жасап керейік.*

*« Туған жер» өлеңіне талдау жасау.*

***Соңғы сөзді мен айтам*** *.Оқушылар ақын туралы ой қозғап ,өздері шығарған өлеңдерін оқып береді.*

***Қорытынды сөз:***

*« Найзағайлы қара бұлт» 1955 жылы 17 қаңтарда ұзақ уақыт ауырған Қасым Аманжолов қыстың аязды күнінде қазақ өлеңі аспанының жарық жұлдызының бірі- дауылды ақын Қасым Аманжолов қайтпас сапарға аттанады.*

Сканировано с CamScanner

№20 Т.Бердияров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

«Ұшқын »ауылы ХАТТАМА 12.10.2022 ж

Қатысқаны-16

№9

Күн тәртібі:

1. « Қасым Аманжоловтың өмірі мен қызметі туралы!»
2. Кітап көрмесі, слайд -суреттер.
3. Қасым Аманжоловтың мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үшін оның жазған өлеңдері мен әндерін айтуды насихаттау.

Кітапханашы Рахманбердиева Калипа оқушыларға Қасым Аманжолвтың өмірі мен қызметі туралы айтып өтті.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Қолдашова Қасым Аманжоловтың жазған өлеңдерінен үзінділер оқыды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Қожамжаров, А.Артыковтар Қасым Аманоловтың тәрбиелік мәні,мағанасы,әндері туралы аәтып өтті.

Хатшы: В.Кумекбаева

Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Келес ауданы

«Ұшқын » ауылы

№20 Т.Бердияров атындағы жалпы орта білім

беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

# «Көп оқып ,көп білуге ұмтыл».

( сайыс)

Кітапханашылар: В.Кумекбаева

К.Рахманбердиева

2021-2022 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

**Тақырыбы:** **Көп оқып, көп білуге ұмтыл.**

**Мақсаты:** Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетіндігін түсіндіру, оқулықты құрметтей білуге, ұқыптылыққа, адамгершілікке, ойлау қабілетін арттыруға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақтада слайд көрсету, презентация, кітап туралы нақыл сөздер.

**Кітапханашы:** Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, оқушылар! Бүгін ,,Көп оқып, көп білуге ұмтыл'' атты сайысымызға қош келдіңіздер!

Кітап – ақылды қуаттандыратын құрал демекші, ілім-білімнің сарқылмас қазынасын кітаптан аламыз. Адамзат баласының жер басып өмір сүрген уақытынан, бүгінгі күнге дейінгі басты үш құндылығы: білім, ғылым және өнер. Ал осы құндылықтардың қыр-сырын түсінуге қол ұшын беретін алуан түрлі жаңалықтарды ашуға апаратын бірден-бір жолдың ордасы – кітапхана.

Бүгінгі іс-шарамыз сайыс, ойын түрінде өтеді. Қазір алдарыңызға екі топ ,,Кітапқұмарлар'' мен ,,Білгірлер'' тобы шығады. Әр топтың ұраны болады.

**Топтарды таныстыру.**

**1-топ:** -,,Білгірлер'' тобының ұраны:
,,Талап қыл артық білуге,
Артық білім ғылымда''.

**2-топ:** - ,,Кітапқұмарлар'' тобының ұраны:
Кітап асып-таспайтын асыл досымыз''.

**1-кезең:**

Слайд көрсетіледі. Екі топқа кезекпен сұрақтар қойылады. Сұрақтар экраннан көрсетіледі.
Бірінші топ жауабын білмесе, екінші топ жауап береді.

**1-топ сұрақтары:**

1. Таусылмас байлық, сарқылмас қазына. (кітап)
2. Балаларға арналған мерзімді басылымдар.(Айгөлек, Ұлан, алдырған, Балапан)
3. Оқушылардың алғашқы кітабы. (әліппе)
4. Титулдық (бірінші) бетінде қандай мәліметтер бар? (авторы, аты, баспаның аты, шыққан жылы)

**2-топ сұрақтары:**

1. Аннотация деген не? (кітап туралы қысқаша мәлімет)
2. Аннотациядан басқа тағы қандай кітап туралы мәліметтер бар? (алғы сөз, безендірілуі, мазмұны)
3. Кітап кім үшін жазылады? (оқырман үшін)
4. Египеттегі ең үлкен кітапхана. (Александрия)

**2-кезең: ,,Кім тез''.'** Слайд көрсетіледі. Топ мүшелері сол суреттің атын,мағынасын айтуы керек.

1. Қоян.
2. Жолбарыс.

4. Қобыз.
5. Дельфин.

Сканировано с CamScanner

**3-кезең. Ойнайық та ойлайық.**

1. Сауданы немен жасаймыз (теңгемен).
2. Уақыт өлшемі (сағат).
3. Жеміс-жидек салатын ыдыс (себет).
4. Мультфильм кейіпкеріндегі мысық қалай аталады. (етік киген мысық).
5. Балаларды алдайтын ертегі кейіпкер кім? (алдаркөсе).
6. Мультфильм кейіпкерінде телпекті қыз қалай аталады? (қызыл телпекті қыз).
7. Жаңбырдан кейінгі табиғат құбылысы (кемпірқосақ)
8. Жол алыс, ал себет ауыр,
   Отырамын түбірде самсаны жеп. (маша мен аю)

**4-кезең. Білгенге маржан.**

1. Жердің табиғи серігі, өзінен жарық шығармайтын жерге ең жақын аспан денесі.(ай)
2. Абайдың шын есімі. (Ибрахим)
3. Рухани байлық көзі. (кітап)
4. Қазақтың ақын-жазушылары. (Абай, Мұхтар, Жамбыл, Сәбит.)
5. Қазақша жыл басы. (наурыз)
6. Қазақ ағартушысы, жазушы педагог.(Алтынсарин)
7. Аңды, құсты мылтықсыз ұстайтын әдіс. (тұзақ)
8. Орыстың ақын- жазушылары. Пушкин, Лермонтов, Чехов, Гоголь, Толстой, Горький.

**5-кезең. „Кітап – біздің досымыз'' тақырыбында эссе жазу.**
Топтық жұмыс. Екі топқа таза парақ беріледі. Бірінші бала бір сөйлем жазып бастайды, сосын келесі бала екінші сөйлемді жазады. Барлығы бір-бір сөйлемнен жазып шығуы керек. Аяғында байланысқан мәтін шығады.

**6-кезең. „Тапқыр болсаң тауып көр''.** Ақын-жазушылардың шығармаларынан үзінді оқылады, оқушылар атын, авторын табуы керек.

Бозторғай зорлық көріп тұрымтайдан,
Таяныш таба алмапты ойдан, қырдан
Болыпты мұңын шақпақ, зарын айтпақ,
Қырғиды жолықтырып көрсе қайдан.
***(С.Торайғыров. Бозторғай)***

Өнер білім бар – жұрттар,
Тастан сарай салғызды
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып жұмғанша
Жылдам хабар алғызды,
**(Ы.Алтынсарин. Өнер, білім бар жұрттар)**

Поэзия!
Менімен егіз бе едің?
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
Қарауытқан таулардан сені іздедім.
**(М.Мақатаев. Поэзия)**

Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Сканировано с CamScanner

**3-кезең. Ойнайық та ойлайық.**

1. Сауданы немен жасаймыз (теңгемен).
2. Уақыт өлшемі (сағат).
3. Жеміс-жидек салатын ыдыс (себет).
4. Мультфильм кейіпкеріндегі мысық қалай аталады. (етік киген мысық).
5. Балаларды алдайтын ертегі кейіпкер кім? (алдаркөсе).
6. Мультфильм кейіпкерінде телпекті қыз қалай аталады? (қызыл телпекті қыз).
7. Жаңбырдан кейінгі табиғат құбылысы (кемпірқосақ)
8. Жол алыс, ал себет ауыр,
   Отырамын түбірде самсаны жеп. (маша мен аю)

**4-кезең. Білгенге маржан.**

1. Жердің табиғи серігі, өзінен жарық шығармайтын жерге ең жақын аспан денесі.(ай)
2. Абайдың шын есімі. (Ибрахим)
3. Рухани байлық көзі. (кітап)
4. Қазақтың ақын-жазушылары. (Абай, Мұхтар, Жамбыл, Сәбит.)
5. Қазақша жыл басы. (наурыз)
6. Қазақ ағартушысы, жазушы педагог.(Алтынсарин)
7. Аңды, құсты мылтықсыз ұстайтын әдіс. (тұзақ)
8. Орыстың ақын- жазушылары. Пушкин, Лермонтов, Чехов, Гоголь, Толстой, Горький.

**5-кезең. „Кітап – біздің досымыз'' тақырыбында эссе жазу.**
Топтық жұмыс. Екі топқа таза парақ беріледі. Бірінші бала бір сөйлем жазып бастайды, сосын келесі бала екінші сөйлемді жазады. Барлығы бір-бір сөйлемнен жазып шығуы керек. Аяғында байланысқан мәтін шығады.

**6-кезең. „Тапқыр болсаң тауып көр''.** Ақын-жазушылардың шығармаларынан үзінді оқылады, оқушылар атын, авторын табуы керек.

Бозторғай зорлық көріп тұрымтайдан,
Таяныш таба алмапты ойдан, қырдан
Болыпты мұңын шақпақ, зарын айтпақ,
Қырғиды жолықтырып көрсе қайдан.
***(С.Торайғыров. Бозторғай)***

Өнер білім бар – жұрттар,
Тастан сарай салғызды
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып жұмғанша
Жылдам хабар алғызды,
**(Ы.Алтынсарин. Өнер, білім бар жұрттар)**

Поэзия!
Менімен егіз бе едің?
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
Қарауытқан таулардан сені іздедім.
**(М.Мақатаев. Поэзия)**

Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Сканировано с CamScanner

Жан-жануар адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер жердің жүзі.
**(А.Құнанбаев. Жазғытұрым)**

**7. Сөзжұмбақ шешу. Кітапхана.**

1. Балаларға арналған мерзімді басылым.(ұлан)
2. Оқушы жанының бағбаны . (мұғалім)
3. Қазақтың атақты үш биінің бірі. (Төле би)
4. Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол, адам болам десеңіз! Деген өлеңнің шумағын кім жазған. (Абай Құнанбаев)
5. Қой пірі. (шопан ата)
6. Кітаптардың мекені.(кітапхана)
7. Ең киелі құс. (аққу)
8. Республикалық балалар газеті. (ұлан)
9. Ер қанаты. (ат)

**8.Оқылған кітаптар бойынша тест.**

1. **Кел балалар оқылық. Кімнің өлеңі.**
   А) А.Құнанбаев, Ә) Ы.Алтынсарин, Б) М.Әуезов
2. **Ертегі еліндегі ең жеңіл кейіпкер кім?**
   А) Ер Төстік, Ә)Қаңбақ шал, Б) Қоян.
3. **Ертегідегі ең өтірікші кейіпкер.**
   А) Мақта қыз, Ә) Қызыл телпек, Б) Тазша бала.
4. **Піс қазаным, піс сөзі қай ертегіден?**
   А) Бауырсақ, Ә) Ұр тоқпақ, Б) Үш аю.
5. **Абайдың қай өлеңінде 5 асыл іс туралы айтылған?**
   А) Әсемпаз болма әрнеге, Ә) Қыс, Б) Ғылым таппай мақтанба.
6. **Балалардың аузын аңқитқан кейіпкер?**
   А) Алдар көсе, Ә) Қожанасыр, Б) Таусоғар.

Сканировано с CamScanner

№20 Т.Бердияров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

«Ұшқын »ауылы ХАТТАМА 01.11.2021 ж

Қатысқаны-28

№

Күн тәртібі:

1. Көп оқып ,көп білуге ұмтыл
2. Кітап көрмесі.

Кітапхана меңгерушісі В.Кумекбаева оқушыларды кітапхана қорымен таныстырды,кітап туралы ұлағатты сөздерді айтты.Еліміздің болашағы жарқын болу үшін ,ең алдымен ұрпағымыз білімді,рухани деңгейі жоғары болу қажет.Ол үшін көп оқып ,көп іздену керек екендігі,түсінген адамға кітап -баға жетпес байлық екені туралы айтып өтті.

Бастауыш сынып мұғалімі К.Маракулова өз сөзінде: Бүгінгі өтіп жатқан іс-шарамыз білім көзі кітапта болатыны,рухани байлық ордасы кітапхана туралы,кітап ақылшы досың,сырласың,білімнің қайнар көзі ,кітап көпті көрген көнекөз ақсақалдай тағлымы көп ,тәрбиесі мол ақылшың да сырласың деп өз сөзін аяқтады.

Бастауыш сынып мұғалімі А.Қалыбекова өз сөзінде:Кітапты оқығанда ойға сақтау керектігін ,жатқа айта білуге ,керекті сөздерді жазып алып оларды пайдалана білу ,кітапты түсініксіз жерлерін қайт-қайта оқу,оқып оны талдау ,балаларға арналған басылымдарға жазылу туралы айтып өтті.Оқушылардың кітапханмен байланысын жандандыру туралы айтып өз сөзін аяқтады.

Хатшы: К.Рахманбердиева

Сканировано с CamScanner